ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

13 мамыр 2025 жылғы №6309-25-00-2/651 іс Өскемен қаласы

Шығыс-Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ибраева Н.Е. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шығыс «өңірлік қолбасшылығы» РММ –Қазақстан Ұлттық ұланынң 6638 әскери бөлімі

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер Мейірбек Төребекұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
20 ақпан 2025 жылғы №319 шарты бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 146, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шығыс «өңірлік қолбасшылығы» РММ –Қазақстан Ұлттық ұланынң 6638 әскери бөлімінің дара кәсіпкер Мейірбек Төребекұлына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Мейірбек Төребекұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Мейірбек Төребекұлынан мемлекеттің пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Шығыс қазақстан облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Ибраева Н.Е.**

Документ подписан: Ибраева Н. Е., 13.05.2025

Дата вступления в законную силу: 20.06.2025, судья Ибраева Н. Е., 13.08.2025

6309-25-3-1/768